

**А. А. Алшынбекова, ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды Академиясының 2-бағам тыңдаушысы**

**Ғылыми жетекшісі: Қ. Ө. Қарабеков, ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды Академиясының азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы**

## **БАНКТІК ДЕПОЗИТ СЕРТИФИКАТЫН ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ**

Депозиттік операциялар алғашқыда алтын тиынды сақтаудың формалары түрінде, яғни оларды ақша сарайларында, менялдарда (айырбастауларда) және т. б. көбірек жинақтау мақсаттарында пайда болды. Сақталғаны үшін иесі белгілі бір сыйақы төлеуі қажет болатын. Клиенттің тілегі бойынша менялдарда өзіне сеніп тапсырылған тиынның нақ өзін сақтауға кепілдік беретін. Мұндай жағдайда олар алынған тиындармен ссудалық операцияларды жүзеге асыра алмайтын, олар иелеріне ақша пайызын төлейтіндей пайда ала алмайтын. Уақыт өте келе олардан нақ сол тиындарды қайтару талап етілмей, орналастырылған ақшаның сомасы ғана қайтарылатын. Сақтау мерзімі де ұзартылатын. Егер осыған дейін менялдар несиені тек өз капиталына қарай беріп келген болса, ендігі жерде несиені ұсыну, ссудаға пайыз алу және ақша иелеріне өз сомасының бір бөлігін төлеу үшін қарыз қаражатын пайдаланудың мүмкіндіктеріне ие болды.

Бүгінгі таңда депозиттік операциялардың сан алуан түрлері мен формалары бар. Олар елдер бойынша айтарлықтай сараланған. Алайда, әрбір қаржы институтының артықшылықты міндеттерінің біріне — бұрынғыша несиелік ресурстардың негізгі көзі ретіндегі депозиттік базаларды кеңейтіп, салымшыларды көптеп тарту жатады.

Депозиттік сертификат — кірісті бағалы қағаздың бір түрі, сол себепті ол сатылған тауар немесе көрсетілген қызмет үшін есеп айырысу немесе төлем құжаты болып саналмайды. Сондай-ақ оларды бір заңды тұлғадан екіншісіне жолдауда шектеулер болады. Талап ету құқын ұсыну — цессия, ол Депозиттік сертификаттың сыртқы бетінде екі жақта мәмілемен ресімделеді: өз құқын ұсынушы тұлға — цедент пен құқық алушы цессионарий. Сертификатты қайтару мерзімі жеткенде, банк сертификатты және қаржы түсетін шот көрсетілген салымшы өтінішіне қарсы төлем жасайды. Банк талап ету құқын ұсыну туралы келісімнің үздіксіз орындалуын, сондай-ақ өкілетті тұлғалар аты-жөнін, мөрінің және қолдарының сәйкестігін тексереді.

Депозиттік сертификаттардың екі түрі болады:

– жолданбайтын, салымшыда сақталады және төлем мерзімі жеткенде банкке ұсынылады;

– жолданатын, екінші нарықта сатылуы немесе басқа тұлғаға өтуі мүмкін.

Жолданатын депозиттік сертификаттар капиталды кез келген мерзімге тиімді инвестициялауға көмектеседі ал қажет болған жағдайда сертификаттарды тез қолма-қол ақшаға ауыстыруға болады.